

Мен батырдың ұрпағымын

«9 мамыр - Жеңіс күні!» деген ұғым санамызда жатталып, ата-әжелеріміздің айтқан әңгімелері еміс-еміс есімізде. Өз көзімізбен көрмесек те, осы күні бойымызды мақтаныш сезімі билейді. Біз тұратын шағын ғана Зеленая роща ауылынан қаншама ер-азамат қан майданға аттанып, кеуделерін оққа төседі. Солардың қатарында менің атам Қайырхан Шілдебайұлы да бар.

Менің атам Қайырхан Шілдебаев 1921 жылдың 25 қаңтарында туып, 2000 жылы дүниеден озды. Тәтәй әжеммен бірге 5 ұл, 3 қызды тәрбилеп өсірді. Қыздарын қияға, ұлдарын ұяға қондырып, 16 немере, 15 жиен көрді.

Қан майданда алғы шепте болып, барлаушылар отрядының құрамында небір ерлік үлгілерін көрсеткен. 1959-1984 жылдары ауылымызда шопан болып еңбек етті. Әкем Қайыржан Шілдебаев атамның тірі кезінде әңгімелерін тыңдап, ерінбей-жалықпай қағаз бетіне түсіретін. Сол қолжазбаны көзінің қарашығындай сақтап келді. Атамның әңгімелерінің бірі төмендегідей:

«Алғашында Мәскеу қаласының жанындағы тоғайда 99-шы барлаушылар отрядының құрамында әскери дайындықтан өттік. Сол жылдың қараша айында Нарва өзенінен 700 солдатқа отряд командирі

қару-жарақты тастап, өзеннің арғы жағасына өтуге бұйрық берді. Өзеннен өтетін көпір қираған, амалсыз суды кешіп, келесі жағаға өттік. Ладога көлінің жағасында Калище деген жерде ұрыс салдық. 7 жыл бойы Ленинград түбіндегі майданға қатыстым. Бірнеше рет қоршауда болдық. 1942-1943 жылдары Норвегия, Португалия, Эстония мемлекеттерінің жанында оқ-дәрі тиелген кемелерді күзеттім. Латвия мен Литва, Польша, Венгрия мемлекеттерін басқыншылардан азат етуге қатыстық. Сол шайқастарда екі жолдасым қаза болды. Ленинградта қоршауда болғаным үшін марапатталған медалім бар. Сол

жақта аяғыма оқ тиіп, жарақаттандым. Елге 1949 жылы оралдым. Жеңіс күнін Германияның Кенигсберг деген қаласында қарсы алдым.

Атамның мінезі жайдары еді. Ән-жырды сүйіп тыңдайтын. Әсіресе, «Қою қара шайым, қаймақ пенен майым. Дастарханы жиналмаған ана», - деген әнді өзі де жатқа айтып, бізге де үйрететін. Сонымен бірге, «Бозторғай» әнін нақышына келтіріп орындайтын. Бала болсам да атамның бейнесі көз алдымда. Елі үшін қасқайып қарсы тұрған батырдың ұрпағы болғанымды мақтан етемін.

Назерке Кенжина, немересі